

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Плановый уровень рентабельности	15, 61	0
Прирост объемов валовой прибыли	18201, 12	21, 0
Примечание: составлено автором на основе источника [3]		

Таким образом, внедрение мероприятий, предложенных в данной курсовой работе в работу ТОО «КазАстык Групп» позволит решить проблему отклонения нормативных показателей от фактических и предотвратить ее появление в будущем. Кроме того, повысится эффективность финансово-экономической деятельности предприятия.

Список использованных источников:

1. Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V
2. Райс-Джонстон, У. Тактический менеджмент / У. Райс-Джонстон; пер. с англ.: Т. Виноградова, А. Годин; под ред.: Л. Н. Ковалик. – СПб.: Питер, 2001 .
3. 372 с.
4. Финансовая отчетность ТОО «КазАстык Групп» за 2012-2014гг. / Внутренние
5. документы ТОО «КазАстык групп». – 2015. – 29 с.
6. Кузьмин А. А. Совершенствование учета расчетов по оплате труда [Текст] /
7. А.А. Кузьмин // Молодой ученый. — 2014. — №4.2. — С. 47-50.

ӘОЖ 339.372.8.

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ БОЙЫНША ЗАМАНАУИ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ НҮСҚАЛАРДЫ ЕНГІЗУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Оспанова Зере Жумагалиевна

ospanova.zere@inbox.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық

Университетінің 1-ші курс магистранты

Ғылыми жетекші: Б. Жуматаева

Қазіргі заман шарттарында бухгалтердің алдында тек қана қаржылық түрдегі есепті жүргізу және қаржылық, салықтық есептілікті құрастыруды бақылау секілді ұйымдастырушылық міндеттер ғана емес, сонымен қатар компанияның қаржылық жағдайы бойынша максималды нақты және актуальды ақпаратты ұсыну болып табылады. Бұл ұйымның қаржысымен байланысты барлық бизнес процесстерді қамтитын әлеуетті ақпараттық жүйенің бар болуымен іске асырылатыны мәлім.

Бизнестің замануи шарттары ұйымның қаржылық қызмет бөлімшелері алдында қатаң талаптарды қояды. Ең алдымен – бұл қаржылық мәліметтерді өңдеудің жылдамдығы, сонымен қатар нақты уақыт режимінде компанияның қаржылық жағдайы туралы толық және шынайы ақпарат боып табылады.

Бизнестің дамуы жағымды нысанда атқарылуы үшін көлемі мен меншік формасына қарамастан барлық ұйымдарда бухгалтерлік есепті автоматтандыру қажет. Сонымен қатар бұл оптималды көрсеткіштерге жетуге қажетті түзетуші өзгерістерді оперативті енгізе алатын компанияның жетекшілеріне аса керекті болады.

Бухгалтерлік есепті автоматтандыру бойынша қазіргі таңда отандық ұйымдарда көптеген қосымшалар бар, мысалы:

- 1С:Бухгалтерия;
- Парус-бухгалтерия;
- БЭСТ;
- Инфо-Бухгалтер;

- SAP;
- XBRL.

SAP Компаниясы – ұйымды басқару жүйелерін жеткізу бойынша әлемдік көшбасшы Германияда 1972 жылы құрылды. Компания келесідей шешімдер кешенің ұсынады, ол – SAP «Қазіргі заманғы ұйымды басқару» (SAP Business Suite), ол бизнес партнерлармен тиімді әрекеттесу және компания қызметің оперативті автоматтандыру үшін керек. Осы кешенді жүйенің басты компоненті болып SAP «Ұйымның ресурстарын басқару» (SAP Enterprise Resource Planning, SAP EPR) табылады. SAP жүйесінің басты маңыздылығы – оның шешімнің функционалды мүмкіндіктері жеке ұйымды, сонымен қатар топтық құрылымның (холдинг, концерн, корпорация) қажеттіліктерін қамтиды.

Қазақстандық компаниялардың басым бөлігінің ең үлкен проблемасының бірі ақпараттың қайта-қайта қосарлануы және мәліметтердің нақтылығын салыстыру бойынша ұзақ процедураларға әкеліп соғатын әртүрлі қызмет бөлімшелер әрекеттерінің келісілмеуі. Бұл ақпараттың шынайы және оперативті болуына жол бермейді. Ал SAP шешімі бұл проблеманы жояды: мәліметтер қайта-қайта қосарланбайды және барлық ақпараттардың интеграциялануын қамтамасыз етеді.

SAP шешімінің келесідей негізгі ерекшеліктері бар:

- SAP шешімі шеңберінде әрекет ететін барлық қызмет бөлімшелерінің кең функционалды мүмкіндіктері;
- Байланысты объектілерге сілтемелер мен бір рет енгізілетін ақпарат арқылы бейнеленетін барлық мәліметтердің толық интеграциясы;
- Құжаттардың келу сәтінде ақпараттардың тіркелуі және керек уақытында есептердің құрылуын қамтамасыз ететін нақты уақытта жұмыс істеу.

Бүгінгі күндегі жағдайды алатын болсақ, әрине, ең өзекті тақырып ретінде ұйымдардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына өту процесі болып табылады.

SAP шешімі бірдең халықаралық негізде құрылды, яғни басты есеп түрі ретінде халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілетін есепке қажетті барлық құралдардың бар болуымен ерекшеленеді. Сол уақытта, ұйымдар басты есеп түрі ретінде – мемлекеттің және халықаралық заңнамаларға сәйкес жарыспалы есеп жүргізу мүмкіндігіне ие болады. SAP шешімі жарыспалы есепті қамтамасыз ету үшін келесідей құралдарды қолданады:

- шоттар жоспары (оперативті, альтернативті, корпоративті);
- қаржылық және күнтізбелік жылдардың арақатынасы;
- қосарлы ішкі валюталар;
- негізгі құралдардың жарыспалы есебі (құн аймағы);
- қорлар құны түрлілігінің механизмі;
- қаржылық есептіліктің есептік нысандарының бапталатын нұсқалары;
- бағамдық айырмашылықтың паралельді бағалауын жүргізу секілді бағалаудың қаржылық аймақтары.

SAP бағдарламалық қамтамасыз ету өте күрделі болғанына қарамастан, үлкен компаниялардың көптеген басшылары оны жоғары деп бағалады. SAP жүйесі өз кезегінде жай ғана бағдарлама емес, сонымен қатар бизнес-үрдістерді өзгерте алатын шешімдерді қабылдау арқылы, айтарлықтай пайданың өсуіне әкеледі.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында SAP жүйесін АҚ «ҚазМұнайГаз», АҚ «Astel», АҚ «Eurasian Foods», ЖШС «MEDSERVICEplus», Холдинг «ENRC», ЖШС «E-commerce center» сияқты компаниялар таңдады.

Соңғы жылдары XBRL белгілеу тілінің танымалдылығы артып жатыр. XBRL (eXtensible Business Reporting Language) – бұл XML стандартына негізделген қаржылық мәліметтер және іскерлік ақпараттарды жариялау, алмастыру, талдау мен салыстыру үшін арналған әмбебап стандарт.

XBRL құрастыру мақсаты – халықаралық нарық қатысушылары арасында қаржылық ақпаратпен алмасудың оптималды схемасын дамыту және іскерлік есептілікті құрастыру, алмастыру мен салыстыру әдістерін қалыптастыру.

Бұл тілді 1998 жылы XML базасы негізінде ақпаратты өңдеуді жеңілдететін жаңа бағдарламаны аудитор Чарльз Хоффман ойлап тапты.

ХҚЕС Кеңесі қаржылық есептілікті дайындау үшін XBRL-ді қолдану туралы сұрақтарға көп уақыт бөледі. Бірақ, Қазақстанда ХҚЕС бойынша көп мамандар осындай белгілеу тілінің бар екені туралы хабардар емес.

XBRL-ді қолдануға тап болмаған мамандар, осындай «жаңалықты» қолданудың тиімділігі бірден көрінбейді. Оларды түсінуге болады: компания арнайы мамандырылған бағдарламалар мен MS Excel электронды кестелерін қолданумен есептілікті жемісті дайындайды, басшылық пен аудиторлар бұған келіседі.

Бірақ XBRL-ді қолданусыз оңай өмірді ұмытуға болады. Көптеген шетелдік мемлекеттік органдар олардың алдында жауап беретін компаниялардан қаржылық есептіліктің ұсынылуын XBRL-ді қолданумен талап етеді, мысалы, АҚШ-тың бағалы қағаздар мен биржа Комиссиясы (SEC).

XBRL-ді дұрыс енгізу кезінде ол қаржылық есептілікті тезірек және сапалық жағынан жоғары етіп дайындауға мүмкіндік беріп, қателер деңгейін төмендетеді. XBRL-ді пайдаланумен жасалған есептіліктің стандартизациясы мен салыстыруды жақсартудан бөлек, бұл белгілеу тілі пайдаланушылар қолданатын ақпараттың сенімділігі мен нақтылығын жоғарылатып, таңдап алу жолымен қаржылық есептіліктің ақпаратын тез алмастыра алады.

XBRL-дің көмегімен шаруашылық операциялар туралы мәлімет жүйеге тек бір рет енгізіліп, келесіде әртүрлі нысанда талданып, ұсыныла алады, мысалы:

- жылдық қаржылық есептіліктің басылымы;
- HTML форматында компанияның веб-сайтындағы құжаттар;
- салықтық және мемлекеттік қадағалаушы органдарға алуан есептерді ұсыну;
- алуан түрлі талдау түрлері үшін қайта форматталған XML нысанындағы мәлімет.

XBRL бағдарламасында мәліметтер «тегпен» (арнайы программалық таңба) айрықшалану арқылы, инвесторлар немесе аналитиктер жылдық қаржылық есептілік ішінен оларды қызықтыратын ақпаратты бір сәтте тауып алып, ол туралы тек қана ақшалай көріністегі ғана емес, сонымен қатар монетарлық емес нысандағы мәліметтерге қол жеткізеді. Сыртқы пайдаланушылардан бөлек, XBRL есеп беретін компанияның өз ішінде пайдалы, тиімді және сапалық қаржылық ақпараттың ұйымның әртүрлі бөлімдері арасында алмасуын жеңілдетеді. Қаржылық есептілікті дайындау барысында ХҚЕС талап ететін ақпараттарды ашу кезінде олар туралы ақпараттарды әрқашан ақпараттық тізімдерден іздеп отыру қажет. Ал XBRL бағдарламасын қолдану барсында XBRL FORMULA модулін енгізу арқылы оларға арнайы команда беруге болады, мысалы: активтер соммасы пассивтер соммасына тең; пассивтер міндеттемелер мен меншікті капиталдан тұрады; негізгі құралдарға жинақталған амортизация соммасы негізгі құралдардың бастапқы құнына тең немесе кем. Сонымен қатар, XBRL-ді қолдану кезінде қаржылық есептіліктің аудиті мерзімдерін қысқартуға болады.

XBRL-ді қолдану үшін бағдарламалау маманы болуға қажет емес, өйткені SAP AG және Oracle Corporation сияқты танымал компаниялар қаржылық есептілікті XBRL форматында дайындауға мүмкіндік беретін бағдарламалық өнімдерді шығарып, оларды қазіргі кезде осы компаниялардың сайтынан жүктеп алуға болады. XBRL қаржылық ақпараттың табиғатын өзгертеді, яғни: жылдық есептің басылған түрінде тіркелген статистикалық мәтінінен немесе HTML форматында компанияның веб-сайтында жарияланған нысанынан – XBRL, сандық немесе мәтіндік болсын, жеке ақпарат элементіне анықтаушы таңба тағайындау арқылы ақпаратты интерактивті режимде пайдалы, тез және тиімді қолдану мен түсіну үшін мәліметтерді жанды түрде ұсынады. XBRL қадағалаушы қор немесе салықтық органдарға ұсынылатын есеппен қоса алғанда, компанияның сыртқы және ішкі есептілігін дайындау үшін қолданыла алады. Бағдарламалаудың осындай тілі қандайда

болсын талдаудың түрін жеңілдете алады. Ол алуан түрлі статистикалық және қаржылық ақпаратты таңдамалық бөлу және өңдеу, сақтау үшін өте икемлі құрал болып табылады.

Қорытындылай келе, SAP жүйесі мен XBRL-ді компанияның өміріне енгізудің бастапқы шығындарына қарамастан, олар қысқа мерзімнің ішінде акционерлер немесе потенциалды инвесторлар анықтап алатын артықшылықтар арқылы орны толтырылады: басқарушылық функция мен сенімділіктің артуы арқасында компания үлкен көлемдегі инвестициялық тартымдылығы және әртүрлі қадағалаушы органдарға есептілікті уақытылы ұсыну. Қазіргі тағда инновациялардың дамуына байланыста аталған жүйелер тек қана ірі бизнес үшін ғана емес, сонымен қатар орта және шағын кәсіпкерлікте өзінің пайдалылығы мен маңыздылығын тигізе алады.

Қолданылған әдебиет:

1. SAP Kazakhstan Journal, «Передовые технологии SAP для управления бизнесом», 2015, 12 бет;
2. <http://fd.ru/programms/xbrl.html>, Хисонов С.К., «XBRL что это за программа и ее описание», 2015;
3. BPC ConsultLtd Journal, «Инструкция пользователя SAP Business Objects Financial Consolidation», 2015.

ӘОЖ 637.2

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Сейтпанова Акбота

totka93_15_93@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық

Университетінің 1 курс магистранті

Ғылыми жетекші: Сапарбаева С.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, есеп берудің екі түрі бар: акционерлерді, қалың жұршылықты, банктерді, сондай-ақ сақтандыру ұйымдары мен үкімет органдарын кәсіпорынның жұмыс жағдайы мен оның қаржылық жағдайы және есепті кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижесімен таныстыру үшін қаржылық газеттер мен бюлетендерге, арнайы анықтамаларды басылып шығарылатын қаржылық есеп беру. Есеп берудің екінші түрі – басқару талдауы, бұл кәсіпорын шығаратын өнімдердің жеке түрлерінің өзіндік құнының нормативтері туралы, сондай-ақ сапасының төмендігіне немесе тауардың мөлшерден тыс шығарылып, өтпей қалуына байланысты мәліметерден тұратын қатаң құпияландырылған, басқа тұлғалар үшін жабық есеп болып табылады. Ішкі талдау басқару есебі, ал сыртқы талдау қаржылық есеп негізінде жүргізіледі [1].

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырады. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады: салыстырмалы талдау; көлденең талдау; тікелей талдау; трендтік талдау; факторлық талдау; қаржылық коэффициенттер әдісі.

Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

Салыстыру – бұл танымның ғылыми әдісі, мұнда белгісіз құбылыстар, заттар бұрын зерттелген белгілі құбылыспен салыстырылады, бұл олардың арасындағы айырмашылықтарды айқындау мақсатымен жасалады. Салыстырудың көмегімен